

Бекітемін  
Мектеп директоры: *Н.Оспанов*



Абай атындағы Шұбаркөл ЖББ мектебі КММ  
2023-2024 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын  
жүзеге асыруға бағытталған жылдық іс-шаралар жоспары

Scanned with ACE Scanner

Scanned with ACE Scanner

Абай атындағы Шүбарқол ЖББ мектебінде  
«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған  
**КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ**

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертені болар бүтінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»** – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тындауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен

әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

1. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
2. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

**Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.**

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға ат салысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

***Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі***

*Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:*

- баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;
- баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;
- баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

*Ұсынылады:*

- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;
- балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;
- балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;
- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

### **6-10 жастағы бала тәрбиесі**

*Ұсынылады:*

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде казак халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;
- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде

қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;

- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

**Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас) Ұсынылады:**

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;
- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

**Жастар тәрбиесі (15-18 жас)**

**Ұсынылады:**

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;
- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере

отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;

- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

**Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:**

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

**Кешенді жоспарды іске асыруда:**

**Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері** «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

**Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері** білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

**Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (менгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:**

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

**Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:**

- салауатты өмір салтына ынталандыру;

- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);
- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.  
Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас\_тәрбие хештегін тегтеу

ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, гұлама Қожас Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл
- Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

№	Уақыты	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>						
1	01.09.23	1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-9 сыныптар	Салтанатты жиын және сынып сағаттары	«Білімге ұмтылу, Еңбексүйгіштік және Отаншылдық», «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясы #Bilim_quni хэштегі	Білім беру мекемелері Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші Тәлімгер
2	1 апта	«Жолда жүру қауіпсіздігі!» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы»)	1-9 сыныптар	Тәрбие сағаты	Сынып сағатының Жоспары	Сынып жетекші жол полициясының мамандары, ергілікті учаскелік полиция мамандары

3	1 апта	Білім беру ұйымдарының қатысуымен «Ұлы даланың – ұлтаралық тілі» Қазақстан халқының тілдері күніне арналған іс-шаралар	1-9 сыныптар	Айлық. Іс-шаралар	Қазақстан халқының тілдері күніне арналған акциялар, түрлі іс-шаралар	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Мектеп тәлімгерлері Тіл мамандары
4	1 апта	Салауатты өмір салтын Насихаттау. Ұлттық мектеп лигасының салтанатты ашылуы «Тоғыз айға 9 іс-шара»	1-9 Сыныптар	Салтанатты ашылуы		Сынып жетекші, дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері тәлімгер
5	1 апта	Отбасы күніне арналған іс-шаралар	1-9 Сыныптар	Сынып сағаты, іс-шаралар	Отбасы күніне арналған жарнамалық акциялар, түрлі іс-шаралар,	тәлімгер Сынып жетекші
6	2 апта	Еңбек күні мерекесіне орай «Еңбек -ер атандырады», «Еңбек әрі сүйсіндіреді, әрі сиындырады» атты тәрбие сағаттары«Еңбек бәрін жеңбек» шығарма («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 Сыныптар  5-9 сынып оқушылары	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары , шығарма жазу	Сынып жетекші
7		«Экологиялық тазалық» акциясы аясында «ЭКОМЕКЕН» челленджі («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	5-9 сыныптар			Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші Тәлімгерлер

### ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1 қазан - Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшіһур - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл
- Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл
- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

№	Уақыты	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>						
1	апта	«Қарттар күніне арналған тәрбие сағаттар, дөңгелек үстелдер, кездесулер, мерекелік кештер ұйымдастыру. Қарт адамдарға көмек топтарын құру жұмыстарын ұйымдастыру	1-9 сыныптар	Сынып сағаты, мерекелік кештер	Жеке жоспар	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші Мектеп тәлімгерлері

2	1 апта	Ұстаздар мерекесіне орай «Дублер» күні, «Ұстазыма мың алғыс!» мерекелік кеш	1-9 сыныптар	мерекелік іс-шаралар	мерекелік іс-шараның сценарийі	Сынып жетекші
3		«Жаңа Қазақстан. Таза табиғат» республикалық экологиялық сенбілік акциясына орай тазалық жұмыстары	1-9 сыныптар	Сенбілік		Сынып жетекші
4		«Алтын күз» жәрмеңкесі «Алтын күз» мерекесі «Күз байлығы» мерекелік кеш («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-9 сыныптар 5-9 сыныптар	Жәрмеңке мерекелік кеш		Сынып жетекші
5		«Тәуелсіз елдің ұландары»	1-9 сыныптар	футболдан жарыс		Дене шынықтыру пәні мұғалімдері
6		«Әнұран айту» челленджі (Тоғыз айға 9 іс-шара )	1-9 сыныптар			Тәлімгер Сынып жетекші
7		«Көк тудың желбірегені...» 25 қазан-Республика күніне арналған іс-шаралар «Төрт тоқсан-төрт өнер» акындар айтысы	1-9 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценарийі,	тәлімгер Сынып жетекші
8		1 сынып оқушыларын «Жас қыран», 5 сынып оқушыларын «Жас ұлан» қатарына қабылдау рәсімі	1 сынып 5 сынып	Салтанатты жиын		тәлімгер
9		21 қазан мектеп Парламенті сайлауы	1-9 сыныптар	Салтанатты жиын		Сынып жетекші
10		«Прокурор сағаты -есірткі және жасөспірім» Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың,	7-9 Сыныптар	дәріс	Кәмелетке толмағандар	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Scanned with ACE Scanner

Scanned with ACE Scanner

		зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың, балалар ортасында мектептегі атыстардың алдын алу			арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың, балалар ортасында мектептегі атыстардың алдын алу туралы түсінік қалыптастыру	
--	--	--	--	--	---	--

ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

○ 15 қараша - Ұлттық валюта күні

○ Күзгі демалыс

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>					
1.	«Әкеге-ізет, анаға – құрмет» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші
3	«Оян, ар мен адалдық» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 Сыныптар 5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші
4	«Ассамблея жастары» жетекшілерінің мектептің өзін-өзі басқару өкілдерімен «Бейбітшілік пен келісім сабақтары» форматында мотивациялық кездесулер өткізу («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	5-8 сыныптар	Тәрбие сағаты	Командалық жұмыс, Тимбилдинг	Мектеп тәлімгері
5	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған «Саналы ұрпақ» және «Адал ұрпақ» клубтарымен таныстыру («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	7-9 сыныптар, педагогтер	Отырыс	Жеке жоспар	Сынып жетекші, Мектеп тәлімгері
6	«Отбасылық дәстүрлер» отбасы құндылықтарын насихаттау, түрлі іс-шаралар («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты, іс-шаралар	Сынып сағатының жоспары,	ДТДЖО, Сынып жетекші, тәлімгер

			5-9 сыныптар			
7		«Әлемді бағындырған жерлесіміз» «Ұлттық мектеп лигасы»	1-4 сыныптар	Тәрбие сағаты	Тәрбие сағатының жоспары	Дене шынықтыру пәні мұғалімі, Сынып жетекшілері
8		«Тоғызқұмалақ-дау» «Асық ату» челленджі (Тоғыз айға 9 іс-шара)	1-6 сыныптар	Спорттық іс-шара	Іс-шараның жоспары	Дене шынықтыру пәні мұғалімдері,

Scanned with ACE Scanner

Scanned with ACE Scanner

ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

o 16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Уақыты	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>						
1.		«Тарих пен тіл тамырлас» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші
2		«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» Шығарма жазу : болашаққа хат» («Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы)	1-9 сыныптар	Сынып сағаты (Ата-аналар мен іс-шаралар )	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші Тіл мамандары
3		«Мен - еріктімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	5-8 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші
4		«Қазақстан – біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-4 Сыныптар 5-8 сыныптар	Сынып сағаты Тимбилдинг	Командалық жұмыс,	Сынып жетекші
5		«Ұлттық рух – тәуелсіздік тірегі» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы)	1-9 сыныптар	Патриоттық тәрбие сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші
7		«Таным. Тағылым. Тәрбие» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	5-9 сыныптар	Ата-ана жиналысы	Хаттама	Сынып жетекші

8		Үнемі оқитын табысты адам («Балалар кітапханасы» жобасы)	4-9 сыныптар	Үздік оқырманмен кездесу	Ұйымдастыру, өткізу	Сынып жетекші, кітапханашылар
9		«Ұлттық мектеп лигасы» жобасын іске асыру, білім алушылардың денсаулығы мен әл-ауқатын нығайтуда білім ұйымдарымен бірлесе спорттық ойындар өткізу «Алтын сақа» ұлттық ойыны «Төрт тоқсанға төрт шара» жобалары	5-9 Сыныптар	Спорттық іс-шара	Хаттама	Сынып жетекші, дене шынықтыру пәні мұғалімдері
10		Дөңгелек үстелдер, әңгімелер шеңберінде әртүрлі спорт түрлері бойынша білім алушылармен белгілі спортшылармен кездесу ұйымдастыру «Тоғыз айға тоғыз шара»	1-9 Сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Дөңгелек үстелдер, әңгімелесу	Сынып жетекші, дене шынықтыру пәні мұғалімдері

ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы  
 ▪ Қысқы демалыс

№	Уакыты	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>						
1.		Туған өлке ақындарының шығармалары («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-9 Сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші
2.		«Мен оқыған бір ертегі» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	1-9 Сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші Кітапханашылар
3.		«Парасаттылық туралы» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	5-9 Сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші
4.		«Қыз намысы – ұлт намысы» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Аналар мектебі	Қыздармен жұмыс	Хаттама	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
5.		«Әкенің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	«Әкелер» клубы	Ұлдармен жұмыс	Хаттама	Сынып жетекші
6.	Токсанына 1 рет	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың, балалар ортасында мектептегі атыстардың алдын алу	7-9 Сыныптар	Іскерлік ойындар, дебаттар, даулар, отырыс		Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, тәлімгер
7.		«Профи TIME» мамандықтар әлемінде	9	Сыныптан	Сыныптан тыс	Сынып жетекші

		<i>(«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)</i>	Сынып	тыс іс-шара	іс-шараның жоспары/сценарі	
8		«Қалдықтарды табысқа айналдырайық» <i>(«Еңбегі адал жас өрен» жобасы)</i>	1-4 Сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара, көрме	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары	Сынып жетекші, көркем еңбек пәні мұғалімдері
9		«Отбасылық таланттар» <i>(«Ата-аналар мектебі» жобасы)</i>	1-9 Сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шара	Сынып жетекші
10		«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» <i>(«Ұлттық мектеп лигасы»)</i>	1-6 Сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шара	Сынып жетекші
11		«Қазақ есебі» челленджі	1-9 сыныптар	челлендж		Пән мұғалімдері

АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

№	Уақыты	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар
---	--------	------------------	--------------------	------------------	----------------	----------------------

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)

1.		«Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» Оқуға құштар мектеп жобасы («Балалар кітапханасы» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші, бастауып сынып пәні мұғалімдері
2.		Абайдың «Толық адам» ілімі («Балалар кітапханасы» жобасы)	5-8 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші
3		«Үйрен жақсы әдептен...» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-5 сыныптар	Ата-ана сағаты	Хаттама	Сынып жетекші
4.		Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету. Кибербуллинг туралы ескерту	5-9 сыныптар	Ашық ақпараттық сабақтар	Іс-шараның жоспары/ сценаріі	Сынып жетекші, тәлімгер
5.		«Отбасыдағы ортақ тіл» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Ата-аналар, педагогтер	Психологиялық тренинг	Жоспар	Сынып жетекші, психологтар
5		«Тарихқа тағзым» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-9 сыныптар	Тарихи танымдық сабақ	Сабақтың жоспары	Сынып жетекші Пән мұғалімдері

7		«Сен және Заң» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші Пән мұғалімдері
8		«Мектептегі мінез- құлық ережелері» («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	1-9 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары	Сынып жетекші
9		Сабырлылық – асыл қасиет («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-9 сыныптар	Ата- аналармен дөңгелек Үстел	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ хаттама	Сынып жетекші
10		«Өзіңді мамандықтар әлемінде тап» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-9 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценаріі	Сынып жетекші
11		«Оқуға құштар мектеп» челленджі (Тоғыз айға 9 іс-шара)	1-9 сыныптар	челлендж		Сынып жетекші кітапханашылар

**НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ айы**

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

№	Уақыты	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
---	--------	------------------	--------------------	------------------	----------------	---------------------------------

**ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)**

1		«Үміт сәулесі» акция («Еңбегі ерен жас өрен» жобасы)	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші, психолог
2	1.03. 2024	«Мың алғыс, ...» («Балалар кітапханасы» жобасы)	1-9 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/	Сынып жетекші
3		«Жарк ете қалсам, найзағай болып...» («Балалар кітапханасы» жобасы)	9 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценаріі	Сынып жетекші
4		«Таным. Тағылым. Тәрбие» (Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы)	5-8 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші
5		«Домбыра Party» («Ата-аналар мектебі» жобасы) Домбырашылар (Тоғыз айға тоғыз іс-шара)	5-9 сыныптар	Домбырашылар челленджі	Әлеуметтік желілерге жариялау	Сынып жетекші тәлімгер

6		«Бәрі де, <b>Ана</b> , бір өзіңнен басталды» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-9 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар	Жоспар	Сынып жетекші тәлімгер
7		«Атадан-өсиет, анадан-қасиет» (тыйым сөздердің мағынасы) <i>Әжелер»</i> мектебі) Төрт тоқсан-төрт өнер жобасы аясында <i>Ұлттық өнер көрмесі</i>	5-8 сыныптар	Іс-шара, көрме	Іс-шаралар жоспары	Сынып жетекші тәлімгер
8		«Ұлыстың Ұлы күні-Наурыз!» «Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-7 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші, тәлімгер
9		«Ұмыт болған ұлттық тағамдар» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	5-9 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші, тәлімгер
10	Тоқсаны на 1 рет	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың, балалар ортасында мектептегі атыстардың алдын алу	7-9 сыныптар	Іскерлік ойындар, дебаттар, даулар, отырыс		Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, тәлімгер

СӘУІР- ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

o 12 сәуір - Ғылым күні

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>					
1	«Достық – көмекпен мықты» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші,
2	«Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім!» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші,
3	«Жүрегім казак» жастарды ынталандыру және кәсіби бағыттау мақсатында кездесулер	8-9 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Жастарға кәсіби бағдар беру	Сынып жетекші, тәлімгер
4	«Тиімді әрі пайдалы тамақтану негізі» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші
5	«Табиғат тамашалары» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) Туған өлкем фестивалі «Төрт тоқсан-төрт өнер» жобасы	1-9 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара, фотосурет көрмесі	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценарийі	Сынып жетекші
6	«Әкелер күні» халықаралық мерекесі шеңберінде «Менің әкем – жақсы адам» («Ата-аналар	«Әкелер» клубы 5-8 сыныптар	Кездесу	Жоспар	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, тәлімгер

		мектебі» жобасы)				
7		Оқушыларға дене шынықтыру-сауықтыру экскурсияларын ұйымдастыру «Тоғыз айға 9 іс-шара» шахмат ойыны	5-9 сыныптар	Сайыс ұйымдастыру	Жоспар	Сынып жетекші, тәлімгер, дене шынықтыру пәні мұғалімі
8	Токсанына 1 рет	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың, балалар ортасында мектептегі атыстардың алдын алу	7-9 сыныптар	Іскерлік ойындар, дебаттар, даулар, отырыс		Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, тәлімгер

МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

№	Уақыты	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
1.	1.05	«Ұлттар достастығы» («Балалар кітапханасы»)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	ТІМ Сынып жетекші
2		«Тағдырыңның кілті – өз қолыңда!» Мектеп түлектерімен іс-шара («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	9 сыныптар	Іс-шара	Іс-шараның жоспары	Сынып жетекші Психолог, тәлімгер
4		«Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді!» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші
4		«Media time» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші
5		«Менің гүлзарым» «Жасыл мекен» Тоғыз айға 9 іс-шара («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-9 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценарийі	Сынып жетекші
6		«Оқырмандар отбасы» («Аналар мектебі» жобасы) Аналар мектебі, Әкелер клубы		сайыс	Хаттама	ТІМ, сынып жетекші, тәлімгер

7		«Адамдық борыш ар үшін» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	1-9 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары	Сынып жетекші
8		«Жеңіс деген шат күлкісі баланың» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші
9		«Менің кіші отанымның картасы» («Ұлттық мектеп лигасы»)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші
10		«Отбасы FEST» фестивалі («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-9 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары	Сынып жетекші
11		Халықаралық отбасы күні «Денсаулық FEST» («Ұлттық мектеп лигасы»)	Ата-аналар	Ата-аналарға арналған іс-шара	Хаттама	Сынып жетекші, ДШ пәні мұғалімі, тәлімгер
12		Балалар мен ата-аналардың қатысуымен жыл сайынғы жаппай кросстар мен жарыстар өткізу	5-9 Сыныптар	Кросс ұйымдастыру	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші ДШ пәні мұғалімі
13		«31 мамыр-Саяси қуғын-сүргін ашаршылық құрбандарын еске алу» күндері аясында іс-шаралар өткізу	1-9 сыныптар	Тәрбие сағаты	Сынып сағатының жоспары	Тәлімгер, Сынып жетекші

Орындаған: Б.Б.Нуржанова